



Автор: Балманова Алия Избасаровна
Пән: Өзін-өзі тану
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Ынтымақты отбасы
Тақырып: Отбасым – бақыт мекені.

Отбасым – бақыт мекені	Сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Отбасындағы өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
------------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Отбасым – бақыт мекені	Шаттық шеңбері. -Амансыңдар ма балалар! Мен сендермен бүгін кездескеніме өте қуаныштымын.Қане, бір-бірімізге қарап әдемі күлкімізді сыйлайықшы! -Балалар, бүгін бәрімізге қымбат, сүйікті отбасымыз туралы әңгімелесеміз. -Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Отбасын неліктен жақсы көресіңдер? Қане, отбасында сендерді кімдер және қалай еркелетеді екен. Есімізге түсіріп, айтып көрейікші. Ә.Исқақовтың «Кім ойлап тапқан?» өлеңін оқып беріп, балалармен бірге қайталау. Сөздері ең аяулы, Жақсы көріп оларды. Енді білдім оларды, Кімнің ойлап тапқанын. «Күнім», «Жаным» дегенді, «Құлыншағым» дегенді, «Ботақаным» дегенді, «Қошақаным» дегенді, Ойлап тапқан аналар. Дидактикалық ойын. Балалар шеңбер бойымен тұрып, кезек-кезек балаларға сұрақ қойып допты лақтыру. Отбасы мүшелерін ата. Сен отбасында кімді жақсы көресің? Отбасы мүшелерін қалай сыйлайсың? Кішкентай бөпеңе қандай көмек көрсетесің? Дәптермен жұмыс. Өздерінің отбасымен түскен суреттерін жапсырады. Дәйексөз. Балаларға «күннен жылу тарайды, анадан мейірім тарайды» деген дәйексөзді оқып, күн мен ананың жылуы мен мейірімі туралы түсінік беру. -Күннің шуағынан қандай керемет қасиеттер пайда болады? Сергіту сәті	дәптер, түрлі түсті қарындаш, суреттер